

## Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өндіріп алу туралы

### *Күші жойған*

Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2013 жылғы 10 қазандағы № 206 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 5 қарашада № 4284 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2014 жылғы 12 қыркүйектегі № 318 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 12.09.2014 № 318 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Заңының 16-бабының 4) тармақшасына сәйкес мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өндіріп алу тәртібі мен мөлшері қосымшаға с ә й к е с б е л г і л е н с і н .

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2013 жылғы 2 қыркүйектен бастап туындаған қатынастарға таратылады.

сессиясының төрағасы

мәслихаттың хатшысы

КЕЛІСІЛДІ:

Қ а л а л ы қ м ә с л и х а т т ы ң  
к е з е к т е н т ы с

Р. Бермухамбетов

Қ а л а л ы қ

В. Лощинин

"Рудный қалалық жұмыспен  
қамту және әлеуметтік  
бағдарламалар бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің  
б а с ш ы с ы

С. Костина

М ә с л и х а т т ы ң

2013 жылғы

16

қ а з а н д а ғ ы

№ 206 шешіміне қосымша

## **Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өндіріп алу тәртібі мен мөлшері**

1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өндіріп алу (бұдан әрі – шығындарды өндіріп алу) "Рудный қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен тағайындалады және төленеді.

2. Шығындар тұрғылықты жері бойынша тіркелген мүгедектер қатарындағы кемтар балалардың ата-аналарына және өзге заңды өкілдеріне (бұдан әрі – алушылар) өндіріп алынады.

3. Шығындарды өндіріп алуды тағайындау үшін алушы өтінішке қоса мынадай құжаттарды:

- 1) жеке басын куәландыратын құжатты;
- 2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;
- 3) баланың туу туралы куәлігін;
- 4) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың үйде оқыту ұсынысы бар қорытындысын;
- 5) медициналық-әлеуметтік сараптаманың мүгедектік туралы анықтамасын;
- 6) банкта шоттың бар болуы туралы құжатты ұсынады.

Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары алушыға қайтарылады.

4. Алушыларға шығындарды өндіріп алу ағымдағы оқу жылына тағайындалады және өтініш білдірген айдан бастап ай сайын 6 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әр балаға төленеді.

5. Шығындарды өндіріп алу:

- 1) алушы және (немесе) бала қайтыс болған;
- 2) алушы және (немесе) бала Рудный қаласы әкімшілік-аумақтық бірлігі шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;
- 3) бала толық мемлекеттік қамсыздандыруға орналастырылған;
- 4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайлар туындаған айдан кейінгі айдан бастап тоқтатылады.

6. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.